

## **Сарысу аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2015 жылғы 7 қыркүйектегі № 50-4 шешімі

*РҚАО-ның ескертпесі.*

*Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған. "* Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 964 Қаулысына және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 40 бабына сәйкес аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қосымшаға сәйкес Сарысу аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
2. Шешімнің көшірмесі Жамбыл облысы Әділет департаментіне жолдансын.
3. Осы шешімнің орындалуын қамтамасыз ету аудандық мәслихат аппаратының басшысы Құлыбеков Қуаныш Қайратұлына жүктелсін.

Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
\_\_\_\_\_ Т.Оразбаев

Аудандық мәслихат  
хатшысы  
\_\_\_\_\_ Б. Дондаұлы

Сарысу аудандық мәслихатының  
2015 жылғы 7 қыркүйектегі №50-4  
шешіміне қосымша

## **Сарысу аудандық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің**

### **ТІЗБЕСІ**

1. "Аудандық Мәслихаттың 2003 жылғы 11 ақпандағы № 23-7 "Тұрғын үй жәрдемақысын берудің тәртібі және азаматтардың, кейбір жекелеген топтардың коммуналдық қызметке төлейтін төлемдерін өтеу тәртібі туралы" Ережесін бекіту туралы" (Жамбыл облыстық Әділет басқармасында 2003 жылдың 19 наурызында мемлекеттік реестріне №874 болып тіркелген) шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Сарысу аудандық мәслихатының 2004 жылғы 17 ақпандағы №4-14 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 1287 болып мемлекеттік тіркеуден өткен, "Сарысу" газетінің 2004 жылғы 17 сәуірдегі №16 санында жарияланған);
2. "Біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы" Сарысу аудандық

мәслихатының 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 42-7 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 6-9-102 болып мемлекеттік тіркеуден өткен, "Сарысу" газетінің 2010 жылғы 3 қарашадағы №93 санында жарияланған);

3. Сарысу аудандық мәслихатының 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 42-8 "Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкасына түзету коэффициентін бекіту туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6-9-101 болып тіркелген, "Сарысу" газетінің 2010 жылдың 20 қазандағы № 89 санында жарияланған).